

Қазақстанның Акционерлік Халық Жинақ Банкін басқаруға арналған контрактіні бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 мамырдағы N 598

1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстанның Халық Банкін дағдарыс жағдайынан шығару жөніндегі Қазақстанның Акционерлік Халық Жинақ Банкінің жаңа басшылығы жұмысының оң нәтижелерін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы С.С. Қалмұрзаевтың Қазақстанның Акционерлік Халық Жинақ Банкі басқармасының төрағасы З.Х.Кәкімжановпен қол қойған Қазақстанның Акционерлік Халық Банкін басқаруға арналған контракт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі